



125 жыл
Нығмет НҰРМАҚОВ

Иә, Қарқаралы – Алаш қозғалысының саяси бөсігі. Алаштың алыптары, осы өңірдің тумалары Ә.Бөкейханның, Ж.Ақбастың, Ә.Ермековтің, ағартушы-ғалым А.Байтұрсынның XX ғасыр басындағы қоғамдық-саяси қызметі Қарқаралымен тығыз байланысты. Тәуелсіздіктің алтын таны атқаннан бергі уақыт ішінде аяулы есімдері халқымен қайта қауышқан олардың өмірі мен қызметі туралы сүбелі тарихи еңбектер, құнды зерттеулер жазылды, шаңға көмілген парактар аршылып, отандық тарихтың төрінен орын алды.

Десек те, шежірелі тарихтың тарамдалған тармақтары бүккен сыр аз емес. Бүгінгі әңгіме сол Алаш қайраткерлерінің ісін жалғастырушы – Әліханұлының ізі, Әліханұлының інісі, Ақбайдың Жақыбының тынысы, жұрт Ахаң деп құрметтеген ұлы ағартушы Ахмет Байтұрсынның шәкірті, Сәкеннің сырласы, Мағжанның мұдасы, Смағұл Сәдуақасовтың досы, Өлеусөзке қамқор, Аймауытовқа қорған болған, туғанына биыл 125 жыл толып отырған көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері Нығмет Нұрмақов жайында болмақ.

Большевиктік билік Алашорданы күшпен таратып, Алаш зиялылары саясат сахнасынан тайдырылған соң, олардың идеялары мен мақсаттарын 1922-1929 жылдары Қазақстанның Жоғарғы сотының негізін қалаушы һәм тұңғыш төрағасы, Өділет халық комиссары және Республика прокуроры, Қазақ үкіметінің төрағасы қызметтерін атқарған Н.Нұрмақов жалғастырды. Ұлтжанды қайраткерлер Н.Нұрмақов, С.Сәдуақасов, Ж.Мынбаев, Ж.Сұлтанбеков, С.Қожанов, Ы.Мұстабаев сынды сол кездегі республика басшылары Қазақ өлкелік комитетінің жауапты хатшысы Ф.Голощекиннің жүргізген солақай саясаты мен реформаларына қарсы тегеурінді оппозиция болды. Бұл – бір мақаланың шеңберіне сыймайтын, тамыры мұрағат қойнауына кеткен, бірнеше тараулардан тұратын үлкен тарих. Ол туралы ғалымдар жазды, жазыла да бермек.

1931-1937 жылдары Н.Нұрмақов Мәскеуде РКФСР Бүкілресейлік Орталық атқару комитетінің (БОАК) Президиумы жанындағы Ұлттар бөлімінің менерушісі қызметін атқарды. Оның Кремльдің мінберінен Қазақстанның экономикалық, мәдени-шаруашылық дамуына қолдау көрсетіп, қамқорлық жасаған кездері аз болған жоқ.

Ұзақ жылдар «Орталық Қазақстан» газетінің бас редакторы болған ғалым Рамазан Сағымбеков ағамыз Н.Нұрмақовтың Мәскеудегі қызметі кезінде Орталықтың алдында Қарқаралы округінің басшысы А.Асылбековтің есебін тыңдап, шешім қабылдаптырып, Қарқаралының әлеуметтік-экономикалық дамуына көмектескені, қаладағы №1 казак мектебі болған ғимараттың Н.Нұрмақовтың көмегімен жоғары қарқынмен, өте сапалы салынғандығын жазып, мұны әрі қарай зерттеуді аманат еткен еді.

БОАК Президиумының Ұлттар бөлімі қызметкерлерінің 1935 жылға арналған іссапарлар жоспарына зер салайық. Тізімнің басында Нұрмақовтың өзі тұр. Ұлттар бөлімінің менерушісі 1935 жылы 3-16 сәуірде Дағыстан АКСР-іне (13 күн), 1-23 шілде (23 күн) және 18 қазан – 3 қараша аралығында (16 күн) Қазақстанға баруды жоспарлады. Одан кейін БОАК Президиумының нұсқаушылары Кушаев, Елбаев, Селиванов, Сухов, Самигуллин, Варламов, және тағы басқалардың іссапар жоспары белгіленді. Еске сала кетейік, Нұрмақовтың 1935 жылы қазан айындағы іссапары Қазақстанның Кеңестік Автономия алушың 15 жылдығына орай БОАК төрағасы М.Калинин екеуінің Қазақстанға келуіне байланысты болды.

Нұсқаушылардың ішінде Кушаевтың жұмыс жоспарына келейік: Қарашай автономиялық облысында – 7-19 сәуір (12 күн), Казак АКСР-інде – 19 мамырдан 9 шілдеге дейін (51 күн), Қалмак АКСР-де – 2 қыркүйек – 10 қазан арасында (30 күн), Якут АКСР-інде 30 қазаннан 31 желтоқсанға дейін (61 күн) – барлығы 1935 жылдың 154 күні іссапарға арналыпты.

Мынаған назар аударған жөн: Қазақстанға іссапар Кушаевқа жоспар бойынша бекітіліп («оприкрепленная территория», «по плану» деп жазылған – авт.), келесі тапсырмалар жүктелген: Қарқаралы округтік кеңесінің округтік шаруашылық және мәдени құрылысын дамытауды жұмыстарын тексеру. Қалған Қарашай автономиялық облысының, Қалмак АКСР-нің, Якут АКСР-нің тұстарына іссапар «жоспардан тыс», «бекітілмеген территория» деп көрсетілгеніне қарағанда Нұрмақов Қарқаралы округтік тексеруді Ұлттар бөлімінің 1935 жылғы жұмыс жоспарына мақсатты түрде енгізіп, бекіткені күмән тудырмайды.

1928 жылы құрылған Қарқаралы округі 1930 жылы таратылып, 1934-1936 жылдары бұл мәрте келіп қайта берілді. КСРО үкіметінің қаулысымен 1934 жылы 4 шілдеде құрылған Қарқаралы округінің құрамына Қарқаралы, Баянауыл, Жаңаарқа, Қонырат, Қу және Шет аудандары кірді. Нұрмақовтың округтік шаруашылық-экономикалық және әлеуметтік жағдайын арнайы үкіметтік деңгейде тексеру қажеттігін қоюы белгі мақсатты көзделді: жоспарланған шара болғаннан кейін оның нәтижесі БОАК Президиумы отырысының күн тәртібіне қойылады, жетістіктері мен кемшіліктері талданып, оларды жоюдың жолдары белгіленеді, ол үшін мемлекет арнайы қаржы бөледі, материалдық жәрдем көрсетеді, жаңа шаруашылық нысандарды салу жоспарға енгізіледі, тағысын тағы.

Нұрмақов РКФСР-дың ұлттық-әкімшілік аймақтарын қызметтік сапармен көп аралады. Жасыратыны жоқ, іргедегі қырғыздар мен өзбектер, түркімен-тажиктер және Сахалин, Қызыр Солтүстік секілді климаты қатан аймақтар болмаса Ресейдің орталық аудандарындағы, Мәскеу төңірегіндегі, одан бергі Еділ бойы немістерінің, Қырымдағы қала, елді-мекендердің әлеуметтік-экономикалық даму деңгейі Қазақстанның губерниялары мен аудандарына қарағанда әлдеуір ала болды. Осының бәрін көріп-білген Нұрмақовқа тұған елінің арта қалғаны қатты бағты. Қазақстанның шалғай аудандарының, казак ауылдарының да осылай дамуын, олардың да техника мен мәдениеттің жетістіктерін көріп, игеріп

тұрмыста пайдалануын, оқу мен мәдениетті үйреніп, басқа ұлттардан кем болмауын армандады. «Қамқорлық жасасам, көмектесем, жанашыр болсам» деген ой көкейінен бір сәт кетпей әрдайым оны мазалап, толғандырып жүрді.

Екінші жағынан Нұрмақов 1934 жылдан БОАК Президиумы Есеп-ақпарат бөлімінің менерушілігін де қатар алып жүргендіктен, шалғайдағы округке, ондағы басшы азаматтарға құжаттардың, іс-қағаздары мен хаттамалардың үлгілерін беріп, арнайы нұсқаушы бөліп ұйымдастыру, есеп-ақпараттық жағынан көмек көрсетуді көздеді. Жұмысты казак тілін түсінетін тәжірибелі қызметкер Кушаевқа тапсырды.

Хафиз Кушаев – 1888 жылы туған, ұлты башқұрт, мемлекет және қоғам қайраткері, 1922-1929 жылдары Башқұрт АКСР-і Орталық Атқару комитетінің төрағасы, 1929-1937 жылдары КСРО Орталық Атқару комитетінде және БОАК Президиумының нұсқаушысы қызметтерін атқарды. 1937 жылы құттығыл. 1957 жылы 30 шілдеде ақталған.

Х.Кушаевты Қарқаралы округтік атқару комитетінің төрағасы Абдолла Асылбеков жылы қабылдады. Қазақстан басшылығында бірге қызмет еткен, ежелден дос, ой-қозғарастары бар Нұрмақовтың тапсырмасы әрі келісілген шаруа болғандықтан, Орталықтың өкілінің өнімді жұмыс жасауына қолдан келгенше жәрдем көрсетілді: 10 адам кеңестік бөлсенді қызметке тартылды, одан бөлек округтік атқару комитетінен 4 бригада ұйымдастырылды. 2 аудандың, 4 ауылдық кеңестің жұмыстары тексерілді, оларға нұсқау, кеңестер берілді, тұрғындармен кездесіп, шаруашылық жайы әңгіме болды, халықтың талап-тілектері, мұн-мұқтажы тыңдалды. 1935 жылы 27 маусымда Қарқаралы округтік атқару комитетінде қорытынды жиын өтті. Сөйтіп, іссапарын аяқтаған Кушаев 1935 жылы 9 шілдеде Мәскеуге оралды.

1935 жылы 20 тамызда М.Калинин төрағалық еткен БОАК Президиумының отырысында Казак АКСР-і Қарқаралы округінің кеңестік шаруашылық және мәдени құрылысы туралы мәселе қаралды. Төртін бойынша іссапарда болған нұсқаушы жұмыстың қорытындысы туралы баяндама жасап, бұған қосымша тексеру жүргізілген аудан немесе облыстың атқару комитетінің төрағалары есеп беретін. Сондықтан, Кушаевтан кейін есепті Қарқаралы округтік атқару комитетінің төрағасы А.Асылбеков жасауы тиіс болды. Мұрағат құжаттарынан білгеніміз, бәлкім, басқару және маусымдық жұмыстардың қарбаластығынан болар А.Асылбеков Мәскеуге бармаған, БОАК Президиумының отырысына қатыспаған, нақты себебін анықтай алмадық. Отырыста А.Асылбековтің дайындаған есебін баяндаған Н. Нұрмақов болды.

Сонымен, Қарқаралы округінде барлығы 60 мың адам бар. Халық отырықшылыққа көшкен. Негізгі айналысатыны мал шаруашылығы, сондай-ақ егіншілік дамып келеді. Соңғы екі жылда округтегі мал саны үш жарым есе артқан. Егіс алқаптары 1933 жылғы 39,000 гектардан 1935 жылы 52,000 гектарға ұлғайған. Алашқы машина-трактор станциясы құрылған. Мәдени-тұрмыстық, медициналық мекемелер жетістілі, ауылдарда мүлде жоқтың қасы. Тұрғындар арасында, әсіресе 12-13 жастағы балаларда түбекрүлесті ауруы кең тараған.

БОАК төрағасы М.Калинин жағдайға қатты абыржып, өзінің себептерін ашуға тырысты. Оның ойынша, бұрын далада, таза ауада еркін көшіп жүрген халық отырықшылыққа көңілде алмай тұр. Аурудың шығу, көбею себебі де осыдан. Оларда бұрын ет тағамдары көп болған еді, соған үйренгендіктен, яғни, ендігі тамақтанудың нашарлығынан дей келе М.Калинин Кушаевтың баяндамасына қанағаттанбаушылық білдірді. «Халықтың отырықшы өмірге бейімделуі қалай, олардың денсаулығына қалай әсер етіп отыр? Егіншілікке қалай үйренуде, бұрын айналдырып еңбектің бұл түріне шамалары келе ме? Олар неге ауырады, не ойлайды? Жалпы халықтың көңіл-күйі қалай? Баспаналары бар ма? Қайда тұрады? Міне осының бәрін көзбен көріп, көпті көрген қарттардан, ақсақалдардан сұрау керек еді» деді.

Кушаев болса олардың көш келгеніне жағдайлардың нашарлағанын айтқанын, көңіл-күйлері жақсы екенін, бұрын киіз үйде тұрғандықтан жабық үй-жайларда өмір сүре алатынын жеткізді. Ауыраған адамдарды емдеу үшін қымыз шипажайын ашу керектігін айтты.

М.Калинин бұған келіспейтінін білдірді. «Шипажай аштық дейік, онда 50-60, ең көбі 100 адамды ғана емдей аласыз. Оның өзіне алдымен астықтар барады. Ал қалған халық не істемек? Бұл жерде тек бір ғана жол бар, ол – әр отбасына бөлек, сиыр ұстау, ет-сүт тағамдарын көп қолдану керек» деді.

1935 жылы 1 қыркүйектегі БОАК Президиумының отырысы мұның алдында қаралған Қарқаралы округінің шаруашылық және мәдени құрылысы туралы мәселе бойынша қаулының жобасын жасауды Нұрмақовқа жүктелді.

Қолымыздағы БОАК Президиумының Қазак АКСР-і Қарқаралы округінің кеңестік, шаруашылық және мәдени құрылысы туралы 5 парактан тұратын қаулысының сол жақ жоғарғы шетіне Нұрмақов қол қойып, он жағында «жоба» деп көрсетілген. Он бір пункттен тұратын құжат-

«Жақсы інім, Нығметім,
қыран құсым,
Мәңгіге өлмеуі хақ ұранды ісің!».

МӘДИ.

ҚАРҚАРАЛЫ ҚЫРАНЫ



тың негізгі мазмұны мынадай:

1) Қарқаралы округтік атқару комитетіне келесі тапсырмаларды жүктеу: колхоздарды нығайту, мал тұқымын жақсарту, оның өнімділігін арттыру, жылқы, түйе санын өсіру, зоотехникалық қызметті, малшылардың материалдық-тұрмыстық жағдайын көтеру; 2) РКФСР Жергілікті өнеркәсіп халық комиссариаты мен Қазақстан үкіметіне Қарқаралыдағы диірмен құрылысын аяқтауға қаржы бөлуді тапсыру; 3) КСРО Байланыс халық комиссариатына Қарқаралы – Шет – Жаңаарқа, Қарқаралы – Ақтоғай, Баянауыл – Қарқаралы телефон байланысын орнатуды, 4 радиостанцияны жабықтауды, почта таситын 4 автокөлік бөлуді жүктеу; 4) РКФСР Халком Кеңесіне 1935 жылы Қарқаралыдағы электр станциясының құрылысына 40 мың, монша салуға 50 мың, барлығы 90 мың сом ақша бөлуді, округтік атқару комитетіне ағымдағы жылы 1 желні, 1 жүк машинасын бөлуді және 1936 жылы қосымша 2 желні, 3 жүк машинасын беруді міндеттеу; 5) РКФСР Коммунальдық шаруашылық халкоматына 1936 жылдың бақылау сандарында Қарқаралы қаласына үш-төрт пәтерлі тұрғын үй салуға және қаланы көріктендіруге 200 мың сом бөлуді тапсыру; 6) РКФСР мен Қазақстанның Ағарту халық комиссариаттарына 1936 жылы Қарқаралыда жанында 250 орындақ интернаты бар 1 орта мектеп салу және округтегі аудан орталықтарында 60 орындақ интернаты бар 2 мектеп, 1936 жылы 1 аудандық мәдениет үйін, 75 орындақ 1 балабақша салуды тапсыру; 7) РКФСР Денсаулық сақтау халық комиссариатына Қарқаралы округіне 1936 жылы медициналық отряд жіберу, оларды жылжымалы техникамен қамтамасыз етуді, 1935, 1936 жылғы тұрақты жұмысы 5 дәрігер жіберуді, округтің ауруханалары мен емханаларын медициналық дәрі-дәрмектер, құралдармен жабдықтауды міндеттеу; 8) РКФСР Ішкі саяда халық комиссариатына Қарқаралы округінің Нура станциясында округке сауда, тауар тасымалдау базасын ұйымдастыру және осы мақсатқа 1935 жылы 5 автокөлік бөлуді жүктеу. Центрсоюзға ағымдағы жылдың IV тоқсанына Қарқаралы округіне мануфактура тауарларын жеткізуді жүктеу.

Қаулыға қол қойғандар: БОАК Президиумының төрағасы М.Калинин, БОАК хатшысы А. Киселев, Мәскеу, Кремль. 1 қыркүйек 1935 жыл.

БОАК заң шығарушы орган болғандықтан, қаулыны орындайтын атқарушы билік – РКФСР Халық Комиссарлары Кеңесі болды. Енді, осы құзырлы органның БОАК-нің 1935 жылғы 1 қыркүйектегі қаулысын қалай орындағанына назар аударайық.

1935 жылы 5 қазан, РКФСР үкіметінің қосымша қорынан Қарқаралыдағы электр станциясының құрылысын аяқтауға 40 мың сом, монша салуға 50 мың сом, барлығы 90 мың сом бөлінсін. РКФСР Халком Кеңесі төрағасының орынбасары – Д.Лебедь.

1935 жыл. 29 қазан. Қарқаралы округіне ағымдағы жылдың IV тоқсанына 1 желні және 1 жүк автокөлік бөлінсін. РКФСР Халком Кеңесі төрағасының орынбасары – Д.Лебедь.

1935 жыл. 31 қазан. Қарқаралыдағы диірмен

құрылысын аяқтауға қаржы бөлінсін. 1936 жылы округте екі шағын диірмен салуға 400 мың сом бөлінсін. РКФСР Халком Кеңесінің халкомының орынбасары – Богданов.

1936 жыл. 23 қаңтар. Бұл күні 1936 жылы Қарқаралы қаласында 280 орындақ 1 мектеп құрылысын бастау және осы жылы аяқтап пайдалануға беру туралы РКФСР Халком Кеңесінің №31 қаулысы жарық көрді. Айта кетейік, «Орталық Қазақстан» газетінің бимылы жылы 25 мамырдағы санында Қазақстан Журналистер одағының мүшесі Назипа Асқарова «Қарқаралының қақ төріндегі 1937 жылы құрылысы бітіп, күзде пайдалануға берілген қосабақты ақ мектеп Нығмет ағамыздың нұсқау-жобасымен салынған. Ол қаладағы ең сәулетті ғимарат ретінде әлі күнге дейін сақталып келеді» деп мақтанышпен атаған мектеп осы болатын. 1936 жылдың берінгіге дейін мыңдаған шәкірттер ұшырған мектеп ғимаратында бүгінде Қарқаралы аудандық білім бөлімі және басқа да мекемелер орналасқан.

1936 жыл 4 ақпан. №85 қаулы. 1936 жылдың I тоқсанына Қазақстанға 24 жүк көлігі бөлінсін, оның 1-і Қарқаралы округіне берілсін. РКФСР Халком Кеңесінің төрағасы – Д.Сүлеймов.

Денсаулық сақтау саласында да оң өзгерістер жүрді. 1936 жылы Қарқаралы округінде 3 акушерлік пункт, 3 перзентхана ашу туралы Қазақстан үкіметінің қаулысы шықты. РКФСР-дегі медицина институттары 1935 жылы бітірген түлектерді бөлу кестесіне үйлесек, Қазақстанның ауылдық жерлеріне – 135, қалаларына – 45, барлығы – 180 дәрігер жіберілген екен. Олардың ішінде Қарқаралы округінің аудандары да бар. РКФСР Денсаулық сақтау халық комиссариатының медицина институтын бітірген мамандарды бөлу туралы 1936 жылғы 3 шілдедегі шешімінде Омбы медицина институты емдеу факультетінің түлегі З.Сметанкина (балаал дәрігері), Ростов медицина институтын бітірген А.Зайцева – екеуі де Қарқаралы округіне жіберілгені, келіп жұмысқа кіріскендері көрсетілген. Бұл құжаттар РКФСР үкіметінің 1935-1936 жылдары қабылдаған қаулы-қараларының жартысы ғана. Әріне, бұдан кейін де қаншама жарқын істер өмірге енді, қаншама мәдени-әлеуметтік нысандардың тұсауы кесілді.

Жалпы бұл сол уақыт үшін үлкен жетістік екенін айтқымыз келеді. Себебі 1930 жылдардан бастап халықаралық қатынастар шиеленісіп, жаңа соғыс қаупі айқын бола бастаған кезде Кеңес Одағы басты назарды ауыр өнеркәсіпке, индустрияландыруға бөлді. Ел қаражатының қомықты бөлігі соған жұмсалды. 1930-1937 жылдардағы РКФСР Халком Кеңесінің төрағасы Д. Сүлеймовтың сөзі қалыптасқан қаржылық қиындықтардан хабар береді. «Орталық Комитетте сұрақтарды Сталин тек өзі ғана шешеді, басқа кеңестік органдар билік жүргізу құқығынан айырылған. РКФСР Халком Кеңесі ештеңе шеше алмайды, қағазбасты кенес. Деревняда, мектептер мен денсаулық сақтау саласында жағдай ауыр, ал Орталық Комитет ақша бермейді, барлық қаржы индустрияландыруға бөлінуде» деп наразылық білдірген.

Әсіресе, автономиялық ұлт республикала-

рының құқықтары шектелді. Нұрмақов Ұлттар бөлімін басқарған жылдары мұндай әділетсіздіктер жиі кездесті. Жоспарлаған шаруалардың қаражатқа байланысты аяқсыз қалған кездері болды. Біздің қолымызда Нұрмақовтың РКФСР құрамындағы автономиялық республикаларды Орталыққа қаржылық тәуелділіктен босату, қаржы мәселесін дербес шешуге құқықтар беру үшін 1936 жылы КСРО-ның жаңа Конституция-

сын қабылдағанда өзінің жобасын ұсынғаны туралы құжат бар.

Сайып келгенде, қабылданған шешімдер біртіндеп шындыққа айналып, халық оның жемісін көре бастады. Қарқаралының келбеті өзгерді, округ әлеуметтік-мәдени, экономикалық жағынан дами бастады. Мектеп, ауруханалар саны өсіп, білім беру, медициналық қызмет көрсету жақсарды, клуб үйлері, монша салынды. Мал басы көбейді. Ардада екі жыл өткен соң мұның бәрі зиянқес «халық жауларының» ісі болып тәркі етілер деп кім ойлаған?

1937 жылы басталған жаппай саяси қуғын-сүргінге бірінші зиялы республиканың басшы-қызметкерлері мен зиялы қауымы ілікті. 1937 жылы 16-22 қарашада өткен «Қарағанды ісі» деп аталған ашық сот процесі Қарқаралы округінің Қарағанды облысының бұрынғы және сол кездегі басшылары А.Асылбековті, М.Гатауллинді, Н.Нұрсейітовті, А.Ізбасаровты, М.Ордабаевты, Ж.Баймолдинді және тағы басқаларын «1934 жылы ұйымдастырылған Қарқаралы округінде Кеңес өкіметіне қарсы контрреволюциялық зиянқестік ұйым құрды, оларға Мәскеудегі Н.Нұрмақов, Т.Рыскулов, С.Қожановтар басшылық жасады» деп айыптады. Мәскеуде Орта Азия, Татарстан, Башқұртстан мен Дағыстанда күрескер контрреволюциялық ұйымдарды біріктірген пантүркістік ұйымның орталығы жұмыс жасаған деп кезінде Кеңес Одағындағы ұлт республикаларының басшы қызметкерлері Н.Нұрмақов, Т.Рыскулов, С.Қожанов, С.Сәдуақасов, Ф.Ходжаев, Г.Каркмасов, Халиков, Х.Кушаев, Таджиев айыпталды.

1937 жылы 19 шілдеде Мәскеуде Хафиз Кушаев тұтқындалды. Оған, Башқұртстанда Кеңес өкіметіне қарсы зиянқестік ұйым құрған, сонымен қатар Нұрмаковпен тығыз байланыста болған, одан контрреволюциялық күрес жүргізуге кенес алып отырған, 1934 жылы Қазақстанға барғанда Ағарту халкомы Х.Нұрмұхамедовке, Қарқаралы округтік атқару комитетінің төрағасы А.Асылбековке, Қарқаралы округтік жоспарлау бөлімінің қызметкерлері Кикенов пен Таукинге, Семей қаласы кеңесінің төрағасы Байтленовке, тағы басқа адамдарға Қазақстанның советтік және колхоз құрылысына зиян келтіру жұмысын ұйымдастыру үшін көтерілісшілер ұяларын құру, Кеңес өкіметіне қарсы ұйымның жұмысын күшейту туралы Нұрмақовтың тапсырған нұсқаулары берілді деген айып тағылды.

Толығырақ тергеу құжаттарына сүйенейік. 1937 жылы 16 тамызда КСРО Мемлекеттік қауіпсіздік Іс басқармасының қызметкерлері Нұрмақов пен Кушаевтың арасында көзбе-көз беттестіру өткізген. Кушаевқа «Сіз Нұрмақовтың тапсырмасымен Қазақстанда Кеңес өкіметіне қарсы күрес жүргізгеніңізді мойындайсыз ба?» деген сұрақ қойылғанда «Иә, мойындаймын» деп жауап берген. Әрі қарай тергеушінің «Қандай жұмыс жүргізгеніңізді толық айтып беріңіз» дегеніне Кушаев Нұрмаковпен 1932 жылдан таныс екенін, өзінің Башқұртстандағы кеңес қарсы ұйымның басшыларының бірі екенін білген соң Нұрмақовтың Кеңес өкіметіне қарсы казак ұйымының жұмысын бойынша тапсырмалар беріп, сол үшін өзін жиі Қазақстанға іссапарларға жібергенін, өнім 1934 жылы өзінің кабинетінде кеңеске қарсы башқұрт ұйымы жағынан терорлық ұйым құру, БК(б)П ОК Саяси Бюросының мүшелеріне қарсы қастандық жасау туралы нұсқау бергенін, нұсқауды Нұрмақов орындар Бухаринен, Рыковтан, Томскийден алғанын айты деп жауап беріпті.

Осыған орай өзіне қойылған «Сіз Кушаевтың көрсетулерін растайсыз ба?» деген сұраққа Нұрмақов «Кушаев Хафиздің оған зиянқестік, көтерілісшілер қозғалысын ұйымдастыру туралы құқықтық нұсқаулар және БК(б)П ОК Саяси Бюросының мүшелеріне қарсы террорлық актілерді бергенін туралы көрсетуін растаймын» деп жауап беріпті. Жауап қалың, қою сиямен жазылып, қиыраған сыйзылып қойылған.

Біз бұл құжат мазмұнының шындыққа сай келмейтінін, жалған екенін айтқымыз келеді. Әдетте, заң бойынша көзбе-көз беттестіру жаптамасына айыпталушылар өздерінің жауаптарын растап қолдарын қоюлары керек. Хаттаманың соңында «Хаттама біздің сөздерімізден жазылған, жеке оқыдық» деген жазу бар да, астыңғы жолға Нұрмақов, Кушаев деп аты-жөндері жазылған, бірақ қолдары қойылмаған, тұстарындағы «қолы» деген орын бос тұр. Одан кейін тергеушілер Гагаев пен Меретуков қолдарын қойған.

Мынадай ой келеді. Екі арыс тергеушілердің қорлығы мен азыбына қарамай жалған жапаны мойындарына алмай, қарсылық көрсетіп білген болса ма екен? Әлде жазықсыз адамды жау етіп көрсету үшін неше түрлі кінәруқы, адам нағмысыз өтірік пен сұмдықты қиыннан қиыстырып құрастыруға шебер қанды қол жеткендер өздері құрастырған хаттамаға атынан ат үретінін 58-ші баптан аман қалмайтындарын білген соң өмірлері қыл

үстінде тұрған Нұрмақов пен Кушаевтың қол қолдарын керек етпеді ме екен? Тіпті көзбе-көз беттестірудің болмауы да мүмкін. Бірақ, хаттама Нұрмақовтың тергеу ісіне тіркеліпті. Бұл ретте саяси қуғын-сүргін жылдары айыпталушының айыбын көбейту, қоюлау үшін жалған құжаттар жасау Кеңестік құқық қорғау органдары үшін «аса маңызды» тапсырма, қалыпты дағдыға айналғанын ескеру керек.

Зерттеуші Б.Қабдолов Нұрмақов туралы өз зерттеуінде партия және кеңес қызметкері Ә.Досовтың 1937 жылы тұтқындалғанда тергеушілерге Мәскеуге іссапармен келген Қазақстан басшыларының қай-қайсы болсын Нұрмақовқа соқпай кетпейтінін, басқосударда Қазақстанның жағдайы туралы қозғап, Нұрмақовтың оған жақтығы мәселелерді шешуге көмектескенін, ұжымдастыру кезінде Ф.Голощекиннің өрескел қателерін айыптағанын, аштықтан халықты аман алып қалуға күш салғаны туралы айтқанын келтірді.

Белгілі ғалым Т.Омарбеков Н.Нұрмақовтың М.Мырзағалиевпен бірге Голощекиннің саясатын айыптап, 1931 жылы Сталинге арыздынып кіргені туралы Ф.Голощекиннің жазған дерегі бар екенін айтады. Біздіңше, үкімет басшылары бұған дер кезінде құлақ асып, шаралар жасағанда, бәлкім, казак халқы аштық апатынан аман алып қалуға болар ма еді?

Нұрмақов Қазақстаннан сыртқа жүрсе де оның тағдырына, келешегіне қайты алаңдалды, елімен, халқымен бірге болды, өз мүддесінен ұлтының мүддесін жоғары қойып, өмірінің соңына дейін сол үшін күресті. Кеңестік бақылау органдары мұны ұмыт қалдырмады. Нұрмақовтың Мәскеудің Қазақстанға жаңадан қоныс аудару саясатын жүргізугіне, байлар мен ауқаттыларды қампесеккеуіне қарсылықтары, ауыл шаруашылығын күштеп ұжымдастыру кезінде Қазақстан басшылығының қателерін ашық сынағаны құжат болып қаттал